

Б.Ж. Айтимов^{1*},  Б.А. Сериев¹,  Е.Б. Есжанов¹,  Д.Н. Бекежанов¹ ¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған қ., 040009, Қазақстан Республикасы*e-mail: bola_30081978@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛЫМАРЫ БОЙЫНША ЖАУАП АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың тактикасы мен әдістемесі талданды. Зерттеудің мақсаты сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алуды жүзеге асыруда кездесетін ерекшеліктерге сәйкес арнайы тергеу тактикасын қолданудың тәжірибесін талдап, әдістемелік ұсыныстар беру болып табылады. Осыған сәйкес мақалада сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша тіркелген қылмыстық істердің статистикасын, Президент жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламалар талданып өзектілігі негізделді. Сонымен қатар, осы уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне контенттік талдау жүргізе отырып, сыбайлас жемқорлық қылмысы бойынша жәбірленуші, куә, күдікті мен айыпталушыдан жауап алудың тәжірибесін қарап, қорытындылар мен ұсыныстар әзірленді. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың практикасы мейлінше аз зерттелгендігі дәлелденді; сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың типтік жағдаяттары қалыптастырылып олардың әрқайсысына сәйкес жауап алынатын тұлғаларға қатысты қолданылатын тактикалық амалдар мен тәсілдердің нақты әдістемесін берудің маңызы көрсетілді; сондай-ақ жауап алуды алдын ала жоспарлаудың қажеттілігі айқындалды. Зерттеу жүргізуде талдаудың құқықтық талдау, контенттік талдау, салыстырмалы-құқықтық талдау сияқты түрлерімен қатар, әлеуметтану әдістері де қолданылды. Келіп жеткен қорытындыларды сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын ала тергеуге құзіретті органдардың қызметінде пайдалану аса маңызды.

Негізгі сөздер: сыбайлас жемқорлық, жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушы, жауап алу, тактикалық амалдар

Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайдың сипатын талдайтын болсақ елімізде сыбайлас жемқорлықтың белсенді өсу фактісі өзгеріссіз қалып отыр. Және де жемқорлық мемлекет пен қоғамның барлық тұсында енуі үдеп келеді. Осыған сәйкес сыбайлас жемқорлық мемлекет қауіпсіздігіне шынайы қауіп төндіріп, бұқаралық биліктің қалыпты қызмет етуіне, заң үстемдігіне, демократияға, адам құқығы мен әлеуметтік әділеттіліктің орнауына кедергі келтіруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының көптеген салаларда аз еместігін айтып келеді. Ел Президенті өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «сәулет-құрылыс саласы қағазбастылыққа көмілгендігін, соның әсерінен осы саладағы жемқорлық аз еместігін» [1] атап өтті. Осы жолдау аясында бюджет қаражаты мен жалпы ұлтқа тиесілі байлықты талан-таражға салатын жемқорлық әрекеттерді, оның астыртын жолдарын ұйымдастыратын тұлғаларды іздеуде, түпкі амал-тәсілдерді анықтауда мейлінше күш салу аса маңызды екенін баса айтты.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жылы сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша 1692 іс тіркелген, бұл 2022 жылға қарағанда 1,8%-ға төмен. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша 2023 жылы 2094 қылмыстық іс өндірісте болған. Оның 1490-ы, яғни 88% бойынша ғана өндіріс аяқталған. Тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының санатына үңілетін болсақ, онша ауыр емес қылмыстар 24%-ға, ауырлығы орташа қылмыстар - 11%-ға, ауыр қылмыстар 1%-ға төмендесе, аса ауыр қылмыстар 22%-ға артқан. Барлығы 1490 қылмыстық іс бойынша өндіріс аяқталып, оның

1226 сотқа жіберілген, 264 қылмыстық іс ақтауға мүмкіндік берілмейтін негіздерде тоқтатылған.

Осыған қарамастан, сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істерді алдын ала тергеу практикасын талдау нәтижесінде 2023 жылы істердің 15% ақтау негізі жоқ іс ретінде, 41,3% ақтау негіздері бойынша тоқтатылғандығын байқадық [2]. Мұның басты себептерінің бірі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын ала тергеуде, сондай-ақ соттық тергеу барысында лауазымды тұлғалар жасаған әрекеттерді саралауда даулы мәселелер көп туындайды.

Біз айтып отырған қылмыстар жоғары латенттілікке ие. Сондықтан да бізге беріліп отырған ресми статистика жасалып отырған жағымсыз үдерістердің барлық тұстарын сипаттайды деп айта алмаймыз. ҚР Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары ретінде қаралған 15-тарауда көзделген қылмыстарды, сондай-ақ ҚР ҚК 189, 190, 218, 218-1, 234, 249, 452-баптарының қылмыстық кодекстің 3-бабы 29-тармағында [3] көрсетілген бөліктерінде жасалған қылмыстарды тергеуде кездесетін әдеттегі мәселелер: лауазымды тұлғаның мәртебесін анықтау, оның өкілеттіліктерінің шеңберін толық айқындау, лауазымдық өкілеттіліктерін асыра пайдаланудан ажырату сияқты мәселелер. Қаралған қылмыстық істерді талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының көпшілігі қылмыстық топтармен және қауымдастықтармен, қатаң ролдері бөлінген иерархиялық құрылымдармен жасалатынын көрсетеді.

Сонымен бірге аталмыш категорияға жататын қылмыстық істерді тиісті дәрежеде тергелмеуін қосуға болады. Оның басты себебі, тергеп-тексеру процесін криминалистикалық қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі, сондай-ақ қылмыстарды алдын ала тергейтін азаматтардың осы қылмыстар туралы ғылыми білімдер жүйесінің болмауынан деп есептейміз. Мұндағы айтып отырған мәселе осы қылмыстардың сараланған белгілерін анықтап, дәлелденуге тиісті жағдайларды нақтылауға ықпал ететін қылмыстың криминалистикалық сипатын танудың қажеттігі.

Зерттеу тақырыбының жоғары өзектілігінің басты себебі осы категориядағы қылмыстарды тергеуді әдістемелік қамтамасыз ету мәселесі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын, оның ішінде лауазымды тұлғалармен жасалатын қылмыстарды тергеу криминалистикалық әдістеменің өте күрделі мәселелерінің бірі. Пайдакүнемдік немесе өзге де пайда табу ниетінде жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстары азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін мейлінше бұза отырып, ондағы жасалатын әрбір әрекет жеке құрамды құрайтынын айту жеткілікті. Яғни қылмыстық кодекспен сыбайлас жемқорлық ретінде қаралған әрбір қылмыс жеке құрамда, немесе келесі бір қылмыстың бөлігінде қаралатын құрамда қаралуын ажырата алу маңызды.

Сондай-ақ, ҚР Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының 5-бөлімінің 3-міндетінде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте заңсыз жұмыс әдістері мен арандатушылық әрекеттерге жол берілмейді. Кінәсіздік презумпциясы қағидатын қатаң басшылыққа алу қажет» [4] деп көрсетілген. Сонымен қатар, қылмыстық істерді ақтауға мүмкіндік берілмейтін негіздерде тоқтату бірнеше конституциялық және процестік қағидаттарды бұзуға алып келеді дейтін авторлар да кездеседі [5]. А.С.Ибрайымовтың пікіріне сүйенсек, бұл негіздерде қылмыстық істерді тоқтату «сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады», «кінәсіздік презумпциясы» [6] сияқты ҚР Конституциясында бекітілген қағидаттармен қатар, ҚР қылмыстық процестік кодексінде қаралған «Сот ісін жүргізуде тараптардың жарыспалығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру» [7] қағидатына да қайшы келеді.

Сондықтан да, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыстық істерді тергеудің негізгі тұжырымдамасы ғылыми негізделген, қылмыстың барлық тұстарын объективтік, жан-жақты анықтауға бағытталған және де тергелуге алынған жәбірленушінің, куәнің, күдіктінің (айыпталушының) құқықтары мен заңды мүдделері бұзылмайтындай әдістемеге сүйенуі қажет.

Зерттеудің мақсаты болып тергеу практикасын және қолданыстағы заңнаманы талдау негізінде сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстарда жәбірленушіден, куәдан, күдіктіден, айыпталушыдан жауап алудың үлгілік әдістемесін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар беру болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудағы мәселелерді қарастыруды талдау және әлеуметтану әдістері пайдаланылды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасында көзделген жауап алуды реттейтін нормаларды зерделеуде құқықтық талдау әдісі қолданылса, тергеу материалдарын, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін қарастыруда контенттік талдау, тергеушілердің пікірін білуде сауалнама әдісі, сондай-ақ шет мемлекеттердің қылмыстық процестік заңнамаларын зерттеуде салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерін пайдалану арқылы зерттелді. Ғылыми-зерттеу материалдары ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алу мәселелеріне қатысты жүргізілген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы мен шет елдердің қылмыстық процестік құқық нормалары, сот тәжірибесі, сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істердің статистикасы алынды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жауап алудың жалпы талаптары Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 26-тарауында 208-218 баптарында қаралған және де жалпы жауап алу мәселесі пікірталас тақырыбы ретінде үздіксіз қарастырылып келеді.

Қазақстандық авторлар Д.Т. Нұрбек, М.А. Рахметова «сотталушыдан жауап алудың тактикасын айыптаушы нақты криминалистикалық жағдайға байланысты анықтайды» [8] деп көрсетеді. Және мұндай жағдайлар ретінде: сотталушының өз кінәсін мойындауы; сотталушының өз кінәсін мойындамауы; сотталушының алдын ала тергеу барысында өз кінәсін мойындап, сотта өз жауаптарынан бас тартуы сияқты жағдайларды қарастырған. Бұл сот тергеуі барысында сотталушыдан жауап алуда жиі кездесетін жағдайлар. Және авторлар мұндай жағдайларда мемлекеттік айыптаушының ұстануы тиіс тактикасының белгілі бір бөліктерін атап өткен.

Келесі бір отандық ғалымдар жоғарыда атап өткеніміздей жауап алудың маңызды факторы - криминалистикалық зерттеулер мен әзірлемелер деп көрсетеді [9]. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жауап алуда қылмыскердің жеке басына, оның процестік жағдайына, жауап алудың орны мен уақытына, т.б. жүргізілген криминалистикалық зерттеулер мен тактикалық әзірлемелер алдын ала тергеуде көш бастайды, кейін қылмыстық процестік заңның нормаларына сілтеме жасала отырып ауысады деп көрсетеді. Яғни, талданып отырған мақаланың басты мақсаты жауап алумен байланысты тергеу әрекетін жүргізуде криминалистика ғылымының, криминалистикалық зерттеулер мен әзірлемелердің, қылмыстық процестік және жедел-ізвестіру әрекеттерімен тығыз байланысын, сондай-ақ оның орнын анықтау болып табылған.

«Жауап алу» түсінігін анықтауда біз осы уақытқа дейін криминалист ғалымдармен қалыптасқан ортақ ұғымды түсінетін боламыз. Яғни, жауап алу - алдын ала тергеу органдарының қылмыстық процестік заңнамада бекітілген ережелерге сәйкес тұлғадан тергеліп отырған қылмыстық іс үшін маңызды өзі білетін фактілер туралы айғақтар алу мақсатында жүргізілетін тергеу әрекеті [10].

Жоғарыдағы анықтамаға сәйкес, жауап алудың басты мақсаты толық және объективті шынайы сипатталған айғақтарды алу болып табылады. Мұндай айғақтар дәлелдемелердің негізгі қайнар көзі, ал оларда айтылған нақты мәліметтер – дәлелдемелер болып табылады.

Ресей ғалымы Г.Гросс жауап алу қылмысты ашудың құралы ретінде аса маңызды деп көрсетеді. Ол өз еңбегінде «жауап алудың мақсаты – жауап алынып отырған тұлға қылмыстың барлық оқиғаларын өзінің көз алдында өтіп жатқанындай айтып беруі үшін қалпына келтіру» деп көрсеткен [11].

Жалпы алғанда жауап алу қылмыстық істі тергеуге қажетті мәліметтерді алудың құралы. Осыған сәйкес жауап алудың мәні оның өндірісіндегі процестік, тактикалық және психологиялық негіздерінде ашыла түседі. Және де тергеушінің өз өндірісіндегі қылмыстық істі тергеуде іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер алу мақсатында жүргізетін қылмыстық процестік заңмен қарастырылған танымдық және куәландырушылық операциялардың кешенінен тұрады.

Біздің ойымызша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды тергеуде жауап алуды қылмыс жасалғаннан кейін дереу жүргізген маңызды. Бұл жауап алынып отырған тұлғаның интеллектуалдық даму дейгейі, объектіні ойында қайта жаңғырта алу қабілеті, сипаттап отырған объектінің маңызды белгілерін қайта еске түсіре алу қабілеті мен оны есте сақтай алуы сияқты спецификалық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Сонымен бірге, тергеу тактикасының жалпыға ортақ белгіленген ережелерін бұзуға да жол берілмеуі керек, яғни заңдылық қағидатын сақтауымыз да маңызды. Заңдылық қағидатын бұза отырып жауап алу, кейбір алынған іс үшін маңызы бар айғақтарды кейін жарамсыз деп тануға негіз болуы да мүмкін. Себебі, қылмыстық іс жүргізудің ең басты мәні қылмыстық процесс қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау екенін де ұмытпауымыз керек.

Осылайша, жауап алу аса маңызды да күрделі, кей жағдайда даулы тергеу әрекеттерінің бірі. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстарды тергеуде оқиға туралы немесе онымен байланысты жағдайлар мен тұлғалар туралы ақпарат берудің күрделі процесі. Мұндай ақпараттар жауап алынып отырған тұлғалармен белгілі бір құбылыстар мен оқиғаларды бастан кешірген уақытта қабылданады да, кейін жауап алу барысында тергеушіге айтылады.

Ресейлік ғалым В.В. Крюков жүргізген сауалнаманың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды тергеуде жауап алу тергеушілердің жұмыс уақытының 40%-ын құрайды екен [12]. Салыстыру үшін қарастырсақ, өзге процестік әрекеттерге жұмыс уақытының 15-20% жеткілікті. Жауап алу тергеу әрекеті ретінде кең таралған түрі болуымен қатар, біздің ойымызша ең күрделі түрі деп есептелуі керек. Жоғарыдағы ғалым жүргізген сауалнама нәтижесінде тергеушілердің 48% жауап алынатын тұлғамен коммуникативті байланыс орнатуға мүмкіндік беретін тактикалық амалдар мен тәсілдерді таңдауда қиналатынын көрсеткен. Осы жерде ресей ғалымы В.В. Городиловтың «жауап алу – шеберліктің шыңы» деген ойымен келісуге болатын шығар [13]. Автор өз еңбегінде көптеген істер бойынша жауап алу оған қатысушылардың ақылы мен ерік-жігерінің шайқасы деп көрсетеді. Жауап алу процесінде екі жақ тілдеседі. Бір жағынан тергеуші, екінші жағынан қылмыстық процестің қатысушысы, яғни жәберленуші, куә, күдікті, айыпталушы, сотталушы т.б. Сонымен қатар, қылмыстық процестік заңнамаға сәйкес жауап алуда қорғаушы, аудармашы және өзге де тұлғалар қатысуы мүмкін. Екі жақтың алдына қандай да мақсат қойғанына қарамастан, өзара ақпарат алмасу болады. Тергеуші үшін жауап алудағы ақпараттар дәлелдемелердің көзі, ал ондағы нақты мәліметтер барлық тыйым салынбаған тәсілдермен алуға тырысатын дәлелдемелер болып табылады. Күдікті немесе айыпталушы үшін жауап алу оған қарсы келтірілген күдікті сейілту немесе тағылған айыптан қорғалудың құралы.

Осыған сәйкес тергеуші жауап алу сияқты тергеу әрекетін жүргізген уақытта жауап алынатын тұлғаның процестік мәртебесіне қарамастан тактикалық амалдарды шебер қолдана алуы қажет. Мұндай амалдар істі тергеу үшін қажетті ақпараттарды жинау, зерттеу, бағалау

мен қолдану процесінде жауап алынып отырған тұлғаға не оның мінез-құлқына әсер ететін тиімді әрі ұтымды тәсілдерден тұрады.

Тактикалық амалдарды қолданудың жол берілетіндігі оның қылмыстық процестік заңнамаға сәйкестігінен ғана емес, сонымен бірге алынған нәтижелердің жеткіліктілігінің кепілі болатындай өзге де критерийлерге байланысты. ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 197-бабы, 4-тармағы тактикалық амалдарды қолданудың жол берілмейтін тәсілдерін атап өткен. Мұндай тәсілдер ретінде азаптау, зорлық-зомбылық көрсету, қорқыту, қатігез қарым-қатынас қолдану, жауап алушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру айтылған.

Заң шығарушының бұл талаптары орынды деп есептеледі. Бір жағынан бұл ереже күмән тудырмайды, қылмыстық процесс барысында адам құқықтарын қорғауда мұндай тәсілдерді қолдануға тыйым салу мейлінше негізделген. Екінші жағынан айғақ беру үшін шақыртылған жәбірленуші мен куә жауап алу алдында көрінеу жалған айғақтар бергені, айғақтар беруден бас тартқаны үшін, сондай-ақ жауап алуға аудармашы қатысқан жағдайда ол жасаған көрінеу қате аударма үшін қылмыстық жауаптылық туындайтыны туралы ескертіледі. Мұндай ескертулер кейбір қатысушылар үшін мейлінше жағымсыз қабылданып, қорқыныш пен үрей туындатуы мүмкін. Сондықтан кей жағдайда қорқыту ретінде бағалануға да алып келеді. Соның нәтижесінде жәбірленуші, өз ықтиярымен келген куә, аудармашы қандай да бір себептерден шатасуы, ақпараттың өңін айналдырып айтуы да мүмкін.

ҚР қылмыстық кодексінің 415-бабына сәйкес айғақтар беруге мәжбүрлеуге тыйым салынған. Бұл тергеуді жүзеге асырудағы тактикалық амалдар мен тәсілдерді тергеу әрекеттеріне қатысушыларының мәртебесі мен тұлғасына қарай мұқият таңдау қажеттігін білдіреді. Себебі, тергеуші қандай да бір тактикалық амалды қолдану мүмкіндігін ойлаған уақытта жәбірленуші немесе куәнің, сондай-ақ күдіктінің не айыпталушының іздеп отырған ақпаратты білетініне сенімді бола алмайды. Оның үстіне тергеуші жауап алынатын субъектіні ақпаратты ерікті әрі еркін беруіне түрткі болып, өзін-өзі немесе өзгені негізсіз айыптауына жол бермеуі қажет. Тактикалық амалдар тек заңды және ғылыми негізделген болып қана қоймай, ерікті таңдауға мүмкіндік беретіндей, бейтарап сипатта болуы, әдеп пен имандылық қағидаттарынан аспауы тиіс.

Осы уақытқа дейінгі криминалистикада әзірленген және тергеу практикасында тәжірибеден өткен тактикалық амалдар өзінің мазмұны мен қолдану мақсаттары бойынша ерекшеленеді. Алайда, әртүрлі болғанына қарамастан кейбір тактикалық амалдар универсалды болып келеді және кез келген тергеу әрекеттерінде, соның ішінде жауап алуда да қолданылады. Мысалы, жауап алудың табысты болуы оған қатысушылар арасындағы психологиялық байланысқа тәуелді деген ереже қазіргі уақытта бұлжымас аксиомаға айналған. Осындай байланыс орната алу тактикалық амалдардың бірі.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің мол тәжірибесіне қарамастан тергеушілермен қолданылатын жәбірленуші мен куәдан жауап алудың тактикалық амалдары аса мардымсыз. Тергеушілер арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес тергеушілердің 46% өтіріктерді әшкерелеу, айғақтарды детализациялау, қарама-қайшылықтарды анықтау сияқты амалдардың кешенін қолданса, респонденттердің 34% жәбірленуші мен куәні жалған куәлік етудің болашағы жоқ екендігіне сендіру, жағымды тұлғалық қасиеттеріне мән беру, «азаматтық парызды» еске салу, жауапкершілік туындайтынын ескерту арқылы ашық әрі еркін ақпараттарды беруге көндіруге болады деп есептейді. Респонденттер арасында бұдан өзге тактикалық амалдар көрсетуге қиналған. Бұл алдын ала тергеу органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының төмендігін және криминалистикалық тактиканың теориялық негіздері бойынша білімдерінің жетіспеушілігін білдіреді.

Шындығында қазіргі уақыттағы криминалистикалық білім деңгейі мұндай тактикалық амалдардың бүтіндей жүйесі қалыптасқандығын көрсетеді. О.Я. Баев тұлғаға әсер етудің сендіру мен мәжбүрлеу сияқты екі негізгі әдісін қарастырған [14].

Біз қарастырып отырған билікті не лауазымдық міндеттерін асыра пайдалану, пара алу немесе заңсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысу сияқты қылмыстарды тергеуде мәжбүрлеу бағытында амалдарды қолдану мүмкіндігі жоқтың қасы. Осыған қарамастан, арам пиғылды жауап алынатын адамнан жауап алуда оған психологиялық әсер ету практикада жиі қолданыс тапқан. Және де құқыққа сай амалдардың бірі болып табылады. Ресейлік ғалымдар В.А. Оразцов, С.Н. Богомоллов «егер жауап алуда психологиялық әсер ету тәсіліне тыйым салынса, бұл қылмыстарды әшкерелеу мүмкіндігіне мейлінше кедергі келтіріп, іс бойынша ақиқатты дәлелдеуді қиындататын еді» деп көрсеткен [15].

Сендіру әдісі бір тұлғаның келесі бір тұлғаға имандылық, интеллектуалдық, эмоционалдық және өзге де көзқарастарын келесі бір тұлғаға бере отырып оның позициясының өзгеруінен тұрады. Мұндай әдісті куәдан, күдіктіден не айыпталушыдан жауап алуда қолдануға болады. Анық мәліметтерді анықтауға кедергі болатын мән-жайлардың бірі мүдделі тараптан қатысушылардың жалған айтуы. Сондықтан да күдіктіден не айыпталушыдан шынайы айғақтар алуға ұмтыла отырып, олар берген айғақтардың жалғанын анықтап отырғаннан гөрі, көрінеу жалған айғақ беру үшін жауаптылық болатынын ескерту тиімдірек екенін ескерген жөн. Практикада куәнің, күдіктінің не айыпталушының шындықты айтқысы келмейтінін анықтауға әрқашан мүмкін бола бермейді. Біз қарастырып отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қатысты мұндай мәселелер жиі туындайды. Оның себебі, күдікті не айыпталушы ретінде жауап алынып отырған қылмыс субъектілерінің әлеуметтік және интеллектуалдық қасиеттерінің дейгейімен байланыстырамыз.

Сонымен қатар кейбір ғалымдар қолданылып келе жатқан тактикалық амалдарда қолдануға жатпайтын жауап алынып отырған адамға психологиялық ықпал ету элементтері бар деп есептейді. Мысалы, біз қарастырып отырған сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстарды тергеу оған қарсы күштердің болуы жағдайында жүргізіледі. Яғни, тергеу әрекеттерін, соның ішінде жауап алудың заңға сәйкес жүргізілуіне түрлі нысандағы қысымдар жасалуы мүмкін. Осыған байланысты тергеушіні қылмыстың жасалуын жан-жақты анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір тактикалық амалдарды қолданудан бұл амалдардың «адамгершілік тұрғысынан таза болмауы» себепті ғана бас тартуға мәжбүрлемейміз керек.

Егер де «заңмен тыйым салынбағанның барлығына рұқсат» деген жалпыға ортақ қағидатқа сүйенер болсақ тергеуші заңда айтылған процессуалдық мүмкіндіктердің аясында бірақ заңға (соның ішінде заңға тәуелді актілерге де) қайшы келмейтін барлық мүмкіндіктерді пайдалана алады. Оның үстіне ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 210-бабы 4-тармағына сәйкес жетелеуші сұрақтар қоюға ғана тыйым салынған. Сондықтан да заң шығарушы тергеушінің шығармашылық еркіндігіне жасанды кедергі қоймаған деп есептейміз.

Біздің ойымызша, жауап алынып отырған адамға ықпал етудің амалдарын таңдайтындай жоспар дайындалуы керек. Осы бағытта кейбір авторлар жауап алынатын адаммен байланыс орнату мақсатында оның кейбір қажеттіліктерін қанағаттандыруға болады деп есептейді [16]. Алайда, осындай амалды қолдануды болады не тыйым салынуы керек деп біржақты айту мүмкін емес. Бұл амалдарды қолдану тергеудің мазмұнына, жауап алынатын субъектінің тұлғасына, оның саналық дейгейіне байланысты.

Ғылыми әдебиеттерде тергеуге алынған адамдардың арасында даулы жағдай туындату сияқты тергеу амалы бұрыннан айтылып келеді. Біздің ойымызша, мұндай амалды сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар бойынша іс жүргізуде күдіктілерді, кейбір жағдайларда куәларды тергеуде қолдану өзінің жемісін береді. Кейбір авторлар мұндай тактикалық амалды қолдануды «жауап алуда мейлінше динамикалық шиеленіс туғызу» [17] деп те атайды. Бұл жағдайда тергеуші жауап алуда барынша үздіксіз шиеленіс туғызады: жауап алудың жылдамдығы; дауыс ырғағы; бет қимылы мен қол сермеудің жиілігі; жауап алу ритмі; жауап алудың ұзақтығы (әрине заңға сәйкес).

Бұдан бөлек жауап алынып отырған тұлғада іске қатысушы өзге адамдар тарапынан оның жасағанын мойындағаны туралы көзқарас қалыптасуына бағытталған тактикалық амалдар қолдануға болады. Тергеуші қылмысқа және айыптайтын дәлелдемелерге қатысты мейлінше көп ақпарат білетіндей жағдай қалыптастыратын тактикалық амалды қолдану да заңды деп есептейміз. Алайда, мұндағы басты талап тергеушінің дәлелдемелерді бұрмаламауы.

Жауап алынып отырған адаммен өзара келісімге келу амалы да мән беруге тұрарлық. Яғни тергеуші мен жауап алынатын тұлға арасында өзара келісімнің болуы. Мұндай келісімдер белгілі бір тергеу әрекеттерін немесе жедел-іздігіру шараларын жасау немесе жасамауға, оны кейінге қалдыруға байланысты болуы мүмкін [18]. Өзара келісім жасау амалы тек жол берілетін амал ғана емес, сонымен бірге қажетті амалдардың қатарына кіреді. Бұл өзара қарым-қатынастың негізі. Ал мұндай келісімнің шегі қандай болуы керек деген мәселе де бар [19]. Бұл жерде нақты бір ұсыныстар беру мүмкін емес, себебі барлығы сол жердегі оқиғаға, жауап алудың субъектілеріне және өзге де жағдайларға байланысты. Жалпы жауап алуда тергеу әрекеттерін ұйымдастыру мен оның тактикасы тергеуді жүргізудің жағдайына тікелей байланысты және де барлық бөліктердің органикалық бірлігін құрайтынын айта кетуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар бойынша іс жүргізуде куә ретінде көбіне төмендегідей адамдар тартылады:

а) өзінің қызметін асыра пайдаланды не кәсіпкерлік қызметпен заңсыз айналысты немесе пара алды деген лауазымды адам, күдік келтірген (айыпталған) адам жұмыс жасайтын кәсіпорында не мекемеде бөлім басшылары, қатардағы жұмыскерлер болып бірге жұмыс жасайтын тұлғалар;

ә) осы ұйымда жұмыс жасамайтын тұлғалар – әріптес ұйымдардың, жоғары тұрған ведомстволардың, бақылау-ревизиялық органдардың қызметкерлері;

б) туыстары, достары және де лауазымды адамның өзге де таныстары.

Жәбірленуші мен куәдан жауап алуда келесідей типтік тергеу жағдайлары туындап отырады:

Жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушы болған оқиғаның барлық жағдайлары туралы егжей-тегжейлі айтып береді. Осындай даусыз жағдайлар жауап алудың 76%-нда кездесіп отырады. Жағдайдың қолайлылығына қарамастан, осылай берілген айғақтардың өзінде олқылықтар, бұрмалаулар, өңіп айналдырып айту, тым әсірелеу кездеседі. Әдетте мұндай адамдар әңгімеге белсенді тартылады, болған оқиғаға өзіндік баға береді, тергеуді жүргізуге қатысты кеңестер айтады. Мұндай жағдайларда жауап алуды тергеушінің кабинетінде жүргізген абзал, себебі ресми жағдай іскерлік қарым-қатынастың одан әрі қалыптасуына өз әсерін береді. Мұндай жәбірленушілер мен куәлар әдетте ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 71-бабы 6-тармағы 6-тармақшасында, 78-бабы 3-тармағында көзделген құқықтарын пайдаланбайды. Сыбайлас жемқорлық бағытында жүргізілген қылмыстық істерді қарау нәтижесінде жәбірленушілер мен куәлардың тек 3% ғана жауап алуда адвокаттың көмегіне жүгінгендігін байқадық [20].

Егер де жәбірленуші не куә «еркін баяндауда» жауап алудың негізгі тақырыбынан ауытқып кетсе, оның көңілін іске қатысты оқиғаға байланысты айтуға бұру қажет. Жалпылама мәліметтерді әңгімелеп кеткен жағдайда тактикалық түрде іс бойынша білетін нақты мәліметтерді баяндауға мүмкіндік беру қажет. «Сұрақ-жауап» бөліміндегі сауалдар жауап алуға негіз болып отырған тақырыпқа сәйкес болуы және ондағы жауаптар алдында баяндалған мәліметтерді толықтыруы қажет [21].

Жәбірленуші, куә көрінеу жалған айғақтар береді. Бұл жағдай алдыңғыға қарағанда жағымсыз сипатта дамиды. Зерттеу барысында қаралған істердің 24%-нда кездескен. Және мұндай жағдайлар істе бірнеше жәбірленуші болған жағдайда көптеп кездеседі. Сонымен қатар, істердің 4% бойынша мұндай куәлардан жауап алуды өз кінәсін мойындамай отырған

күдікті не айыпталушы ұсынған. Жағдайды шешу мақсатында тергеуші жауап алудың алдында куәнің көрінеу жалған айғақтар беретінін болжай алуы қажет. Осы мақсатта мұндай куәнің іске қатыстылығын анықтауды талап етеді [22]. Көрінеу жалған айғақтар беру достық, аяушылық сезімнен, пайдакүнемдік ниетпен айыпталушымен сөз байласу нәтижесінде берілуі мүмкін. Және олардың мазмұны әдетте алдын ала ойластырылады [23]. Бұл жауап алу өндірісінде міндетті түрде есепке алынып оның нәтижесінде бағалануы тиіс.

Осылайша даулы жағдайдағы жауап алудың негізгі тактикалық амалдарының бірі – көрінеу жалған айғақтар беруінің себептерін анықтау мен оларды жою. Одан бөлек куәға, жәбірленушіге ҚР ҚК 419-бабына сәйкес көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық бар екені ескертілуі қажет. Осы жағдайда жәбірленуші, куә өзінің алдын ала дайындаған жалған ақпаратын еркін мәлімдеп болғаннан кейін, оның айғақтарындағы алдыңғы алынған жауаптармен қарама-қайшылықтарды не осыған дейін жиналған іске қатысты дәлелдемелерді көрсету ұсынылады.

Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алу қиындығымен және құрылымымен ерекшеленеді. Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алудың тактикасын әзірлеу өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері ғылымда талқыланып келеді [24].

Күдікті (айыпталушы) қылмыстық процесте ерекше мәртебеге ие және айғақтар беруге міндетті емес. Сондықтан да күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алуда тергеуші оны шынайы айғақтар берудің қажеттігіне сендіру мақсатында тактикалық амалдар мен тәсілдерді іскер қолдана алуы қажет.

Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық іс бойынша күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алудың мақсаты - қылмыстық іс бойынша дәлелденудің пәні болып табылатын оған белгілі барлық жағдайлар туралы шынайы әрі толық айғақтар алу. Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алу нақты бір қиындықтарға толы, оның нәтижелілігі тергеушінің кәсіби біліктілігіне, білімі мен тәжірибесіне тікелей байланысты. Жауап алуға дейін тергеуші жауап алынатын тұлға туралы жекелеген мәліметтерді білуі, істі мұқият зерттеуі және алда болатын жауап алудың жоспарын әзірлеп алуы тиіс.

Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алуға дайындық төмендегідей бөліктерден құралуы тиіс:

а) жауап алудың пәнін құрайтын және жауап алынатын тұлға туралы ақпараттарды жинақтау. Күдіктінің (айыпталушының) жеке тұлғалық қасиеттерін, қылмыстың жасалуының себептерін анықтауда адамның өмір салты, оның қызығушылықтары, қалыптасқан әдеттері, күнделікті өмірдегі мінез-құлқы, әртүрлі мәселелер бойынша айтқан әңгімелері және т.б. ең қажетті ақпарат болуы мүмкін. Бұл мәліметтер жауап алудың тактикасын, қойылатын сұрақтардың сипаты мен кезектілігін дұрыс анықтауға, күдіктінің (айыпталушының) мүмкін болатын мінез-құлқын алдын ала болжауға мүмкіндік береді;

ә) жауап алуды тактикалық қамтамасыз ету. Жағдайға қарай қолданылуы мүмкін келесідей тактикалық амалдарды ұсынуға болады: 1) жауап алынатын тұлғаның өтірігі әшкере болатынына сендіретін амалдар; 2) алынған айғақтар мен қылмыстың жағдайлары туралы жауап алынатын тұлғада әсіреленген көріністі қалыптастырумен байланысты амалдар; 3) күдіктіге (айыпталушыға) қарсы қолда бар дәлелдемелер туралы оның бойында әсіреленген көрініс қалыптастыру амалдары; 4) «аңыз қалыптастыру»; 5) көңілін аулау немесе қосымша сұрақ;

б) жауап алуда күдіктіге (айыпталушыға) ұсынуға қажетті дәлелдемелерді жинау мен әзірлеу. Жауап алу барысында жалтарма жауаптарды немесе жалған айғақтарды жоққа шығаратын сол арқылы шынайы айғақтар алудың тиімді құралы болып табылатын дәлелдемелерді шебер қолдану қажет;

в) жауап алудың уақыты мен орнын таңдау, жауап алуға шақырудың тәсілін таңдау. Күдіктіні (айыпталушыны) жауап алуға шақыру тәсілін тактикалық дұрыс қолдану осы тұлғаның алдағы диалогқа жағымды қатынасын қалыптастырады;

г) техникалық қамтамасыз ету. Жауап алу барысында аудио, видео жазбаны қолдану ҚР ҚПК-нің 210-бабы 9-тармағына сәйкес тергеушінің шешімі, сондай-ақ куәнің, жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушының өтініші бойынша қолданылуы мүмкін.

Қорытынды

Қорыта келе, сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істер бойынша жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушыдан жауап алудың төмендегідей ерекшеліктері анықталды:

а) тергеушілермен қолданылатын жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушыдан жауап алудың тактикалық амалдары мен тәсілдері әлі күнге дейін жеткіліксіз зерттелген күйде қалып отыр.

ә) жоғарыда аттылған тұлғалардан жауап алуда психологиялық қысым көрсету мен ескертулер берудің, айғақтар беруге мәжбүрлеу мен жасалған қылмыстық әрекеттері әшкерелеудің ара жігін ажырату қажет. Ол үшін сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істерді жүргізудегі типтік жағдайлар қалыптастырылып, ондағы жауап алынатын тұлғаларға қолданылған амалдар мен жүргізілген процестік әрекеттер мен заңға сәйкес процедуралардың әсері зерттеліп талдануды қажет етеді.

б) сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар бойынша жауап алуды жүзеге асыруда оның орны, уақытымен қатар, тактикалық амалдар мен тәсілдерді алдын ала таңдалып, жоспарлануы маңызды екені анықталды. Оның басты себептерінің бірі күдікті, айыпталушы ретінде қылмыстық іске тартылып, жауап алынатын адамның әлеуметтік және құқықтық мәртебесінің ерекшелігі, лауазымдық өкілеттіліктерінің болуы болып отыр.

в) жемқорлық бағытындағы қылмыстық істерді жүргізудегі типтік жағдайларына байланысты тиімді тактикалық амалдар мен тәсілдерді қолданудың әдістемесін қалыптастыру және де болашақ тергеушілердің осы саладағы құзіреттіліктерін өсіру мақсатында оқыту үдерісіне енгізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қаралу уақыты: 01.09.2024)

2 2023 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама. [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/695032?lang=ru> (қаралу уақыты: 01.09.2024)

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z419> (қаралу уақыты: 01.09.2024)

4 Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> (қаралу уақыты: 01.09.2024)

5 Ибраймов А.С. О некоторых вопросах обеспечения конституционного права граждан на защиту в уголовном процессе. Вестник Атырауского университета имени Х.Досмухамедова. — №4 (55). — 2019. — С.147-148

6 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (қаралу уақыты: 01.09.2024)

7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z210> (қаралу уақыты: 01.09.2024)

8 Нурбек Д.Т., Рахметова М.А. Допрос подсудимого и его эффективность. Вестник КазНУ. Серия Юридическая. — №71(3). — 2014. — С. 273-278

- 9 Kan A., Izbassova A., Sheloukhine S. (2019) Features of formation and development of the investigative actions connected with questioning. *Journal of Actual Problems of Jurisprudence*. Vol. 91(3). P.103–111
- 10 Жәкішев Е.Ғ., Найманова Г.Х. Криминалистика: Оқу құралы. Қазақ университеті: — 2019. — 215 б.
- 11 Гросс Г. Руководство для судебных следователей как система криминалистики. ЛексЭст. — 2002. — 74с.
- 12 Крюков В.В. Методика расследования должностных преступлений коррупционной направленности. Дисс. канд.юрид.наук. — 2011. — 135 с.
- 13 Городилов В.В. Организационные и тактические аспекты расследования преступлений, совершаемых организационными преступными группами: Дисс. канд.юрид.наук. — 2002. — 150 с.
- 14 Баев О.Я. Тактика уголовного преследования и профессиональный защиты от него. — Проспект: — 2003. — 217 с.
- 15 Образцов В.А., Богомолова С.Н. Криминалистическая психология: методы, рекомендации, практика раскрытия преступлений. — Литер: — 2002. — С.313-340
- 16 Хижняк Д.С. Процессуальные и криминалистические проблемы развития тактики следственных действий (теоретический аспект): Автореф. дис. канд.юрид.наук. — 2003. — 10 с.
- 17 Бочкарев М.В. Научные и тактические основы использования знаний о нервной системе при допросе подозреваемого и обвиняемого: Автореф. дисс. канд.юрид.наук. — 2006. — 7 с.
- 18 Ahmad S., Musakkir, I. Amir, Naswar. (2024) Restorative Justice Approach as Ultimum Remedium of Corruption Crimes. Vol. 16, No. 03. P. 949-962
- 19 Ginting J., Talbot P., Darry E. (2023) Legal Pluralism Perspective in Prosecuting Perpetrators of Bribery and Gratuities Corruption Crimes. Vol. 20 (4). P. 721–736
- 20 Сот актілерінің банкі. [Электрондық ресурсы] — URL: <https://office.sud.kz/courtActs/lawsuitList.xhtml> (қаралу уақыты: 01.09.2024)
- 21 Ali M., Muliyo A., Nurhidayat S. (2023) The Application of Human Rights Approach toward Crimes of Corruption: Analyzing Anti-Corruption Regulations and Judicial Decisions. Vol. 12(4). 68 p.
- 22 Boateng F.D., Dzordzormenyoh M.K., Cavalcante D. (2022) Citizens' attitudes toward legal authorities in Brasil: Examining the impact of crime, insecurity, and corruption. Vol. 55(4). P.604-620
- 23 Крылов И.Ф., Бастрыкина А.И. Криминалистика. — Литер: — 2001. — 523 с.
- 24 Карнеева Л.М., Соловьев А.Б., Чувилов А.А. Допрос подозреваемого и обвиняемого. — Проспект: — 1969. — 63 с.

ОСОБЕННОСТИ ДОПРОСА ПО КОРРУПЦИОННЫМ ПРЕСТУПЛЕНИЯМ

Аннотация

В статье рассматриваются тактика и методология допроса по коррупционным преступлениям. Целью исследования является анализ опыта применения специальной следственной тактики в соответствии с особенностями, присущими осуществлению допроса по коррупционным преступлениям и разработка методических рекомендаций. В статье рассмотрены статистика зарегистрированных уголовных дел по фактам коррупции, также проблемы намеченные в ежегодных Посланиях Президента РК и государственных программах, обоснована их актуальность. Кроме того, после осуществления контентного анализа результатов исследований проведенных до настоящего времени, рассмотрения практики допроса потерпевшего, свидетеля, подозреваемого и обвиняемого по коррупционным преступлениям разработаны заключения и рекомендации. В результате доказано, что практика допроса по коррупционным преступлениям мало изучена; отмечена важность формирования типичных ситуаций допроса по коррупционным преступлениям и предоставления по каждой из них конкретной методики применения тактических приемов и методов в отношении допрашиваемых лиц; а также определена необходимость предварительного планирования процесса допроса. При проведении исследования наряду с такими видами анализа, как правовой анализ, контентный анализ, сравнительно-правовой анализ, применялись и социологические методы. Крайне важно использовать полученные заключения в деятельности органов, компетентных в предварительном расследовании коррупционных преступлений.

Ключевые слова: коррупция, потерпевший, свидетель, подозреваемый, обвиняемый, допрос, тактические приемы

FEATURES OF INTERROGATION ON CORRUPTION CRIMES

Abstract

The article considers the tactics and methodology of interrogation on corruption crimes. The purpose of research is to analyze the experience of using special investigative tactics in accordance with the features inherent in the

interrogation of corruption crimes and to develop methodological recommendations. The article examines the statistics of registered criminal cases of corruption, as well as the problems outlined in the annual messages of the President of the Republic of Kazakhstan and state programs and substantiates the relevance. In addition, after conducting a content analysis of the results of research conducted so far, reviewing the practice of interrogating the victim, witness, suspect and accused of corruption crimes, conclusions and recommendations have been developed. As a result, it is proved that the practice of interrogation on corruption crimes has been little studied; the importance of forming typical situations of interrogation on corruption crimes and providing a specific method for each of them is noted.

Key words: corruption, victim, witness, suspected, accused, interrogation, tactical techniques

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyń Prezidentı Q.Toqaevtyń 2022 zhylǵy 1 qyrkúiekteǵı «Ädiletı memleket. Birtútas últ. Berekelı qoǵam» atty Zholdauy [*Message of the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev dated September 1, 2022 "Justice State. United Nation. Blessed Society"*]. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakhstan-halkyna-zholdauy-181416> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 2 2023 jylǵy Sybailas jemqorlyqqa qarsy ısqımyl turaly últtyq baıandama. [*National Anti-Corruption Report 2023*] Available at: — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/695032?lang=ru> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 3 Qazaqstan Respublikasynyń Qylmystyq kodeksi 2014 zhylǵy 3 shildedeǵı №226-V QRZ [*Criminal Code of the Republic of Kazakhstan law of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 226-V*]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z419> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 4 Qazaqstan Respublikasynyń sybailas zhemqorlyqqa qarsy sayasatynyń 2022-2026 zhyldarǵa arnalǵan túzhyrymdamasyn bekıtu jáne Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń keibir zharlyqtaryna ózgerister engizu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2022 zhylǵy 2 aqpandayǵı №802 Zharlyǵy [*Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated February 2, 2022 No. 802 on approval of the concept of anti-corruption policy of the Republic of Kazakhstan for 2022-2026 and amendments to certain decrees of the President of the Republic of Kazakhstan*]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 5 Ibraimov A.S. O nekotorykh voprosakh obespecheniya konstitutsionnogo prava grazhdan na zashhitu v ugolovnom protsesse [*On some issues of ensuring the constitutional right of citizens to protection in criminal proceedings*]. Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni Kh.Dosmuhambetova. №4 (55). 2019. P.147-148. [in Russian]
- 6 Qazaqstan Respublikasynyń Konstitutsiasy. Konstitutsia 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy [*Constitution of the Republic of Kazakhstan. The Constitution was adopted in a republican referendum on August 30, 1995*]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 7 Qazaqstan Respublikasynyń Qylmystyq-protsestik kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyń Kodeksi 2014 zhylǵy 4 shildedeǵı №231-V QRZ [*Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan law of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 No. 231-V*]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z210> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 8 Nurbek D.T., Rahmetova M.A. Dopros podsudimogo i ego effektivnost. [*Interrogation of the defendant and its effectiveness*]. Vestnik KazNU. Seriya Yuridicheskaya. №71(3). 2014. P.273-278. [in Russian]
- 9 Kan A., Izbassova A., Sheloukhine S. (2019) Features of formation and development of the investigative actions connected with questioning. Journal of Actual Problems of Jurisprudence. 91(3). P.103–111. [in English]
- 10 Zhákishev E.Ǵ., Naimanova G.H. Kriminalistika: Oqu quraly [*Criminalistics: a training manual*]. Qazaq universiteti. 2019. P.215 [in Kazakh]
- 11 Gross G. Rukovodstvo dlya sudebnykh sledovatelei kak sistema kriminalistiki [*A guide for forensic investigators as a system of criminology*]. LeksEst. 2002. P.74 [in Russian]
- 12 Kryukov V.V. Metodika rassledovaniya dolzhnostnykh prestuplenii korruptsionnoy napravlenosti [*Methods of investigation of corruption-related official crimes*]. Dissertatsiya kandidata yuridicheskikh nauk. 2011. P.135 [in Russian]
- 13 Gorodilov V.V. Organizatsionnye i takticheskie aspekty rassledovaniya prestuplenii, sovershaemykh organizatsionnymi prestupnymi gruppami [*Organizational and tactical aspects of the investigation of crimes committed by organized criminal groups*] Dissertatsiya kandidata yuridicheskikh nauk. 2002. P.150 [in Russian]
- 14 Baev O.Ya. Taktika ugolovnoy presledovaniya i professionalnoi zshhity ot nego [*Tactics of criminal prosecution and professional protection against it*]. Prospekt. 2003. P.217 [in Russian]
- 15 Obraztsov V.A., Bogomolov S.N. Kriminalisticheskaya psikhologiya: metody, rekomendatsii, praktika raskrytiya prestuplenii [*Forensic psychology: methods, recommendations, practice of crime detection*]. Liter. 2002. P.313-340 [in Russian]
- 16 Khizhnyak D.S. Protseessualnye i kriminalisticheskie problemy razbitiya taktiki sledstvennykh deistvii (teoreticheskii aspekt) [*Procedural and criminalistic problems of the development of investigative tactics (theoretical aspect)*] Avtoreferat dissertatsii kandidata yuridicheskikh nauk. 2003. P.10 [in Russian]

- 17 Bochkarev M.V. Nauchnye b takticheskie osnovy ispolzovaniya znaniy o nervnoi sisteme pri doprose podozrevaemogo i obvinyaemogo [Scientific and tactical bases of the use of knowledge about the nervous system during the interrogation of suspects and accused]. Avtoreferat dissertatsii kandidata yuridicheskikh nauk. 2006. P.7 [in Russian]
- 18 Ahmad S., Musakkir, Amir I., Naswar (2024) Restorative Justice Approach as Ultimum Remedium of Corruption Crimes. Vol. 16, No. 03. P 949-962 [in English]
- 19 Ginting J., Talbot P., Darry E. (2023) Legal Pluralism Perspective in Prosecuting Perpetrators of Bribery and Gratuities Corruption Crimes. VOLUME 20 (4). P. 721–736 [in English]
- 20 Sot aktıleriniñ bankı [Bank of judicial acts]. Available at: — URL: <https://office.sud.kz/courtActs/lawsuitList.xhtml> [in Kazakh] (accessed: 01.09.2024)
- 21 Ali M., Mulyono A., Nurhidayat S. (2023) The Application of Human Rights Approach toward Crimes of Corruption: Analyzing Anti-Corruption Regulations and Judicial Decisions. Vol. 12(4). P.68 [in English]
- 22 Boateng F.D., Dzordzormenyoh M.K., Cavalcante D. (2022) Citizens' attitudes toward legal authorities in Brasil: Examining the impact of crime, insecurity, and corruption. Vol. 55(4). P.604-620 [in English]
- 23 Krylov I.F., Bastykina A.I. Kriminalistika [Criminalistics]. Liter. 2001. P.523 [in Russian]
- 24 Karneeva L.M., Solovov A.B., Chubilev A.A. Dopros podozrevaemogo i obvinyaemogo. [Interrogation of the suspect and the accused]. Prospekt. 1969. P.63 [in Russian]

Information about authors:

Bolat Aitimov – **corresponding author**, PhD, associate professor (docent), professor of the Department of “Legal Disciplines”, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan

E-mail: bola_30081978@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7928-8550>

Bolat Seriev – candidate of Law Sciences, professor, professor of the Department of “Legal Disciplines”, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan

E-mail: seriev_bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0161-7219>

Yerlan Yeszhanov – doctoral student, Department of “Legal Disciplines”, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan

E-mail: eszhanov230383@cloud.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4133-8815>

Dauren Bekezhanov – PhD, associate professor (docent), Head of the Department of “Legal Disciplines”, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan

E-mail: bek_dauren@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9858-841X>

Информация об авторах:

Болат Айтимов – **основной автор**, PhD, ассоциированный профессор (доцент), профессор кафедры «Правовые дисциплины», Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Республика Казахстан

E-mail: bola_30081978@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7928-8550>

Болат Сериев – кандидат юридических наук, профессор, профессор кафедры «Правовые дисциплины», Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Республика Казахстан

E-mail: seriev_bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0161-7219>

Ерлан Есжанов – докторант, кафедра «Правовые дисциплины», Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Республика Казахстан

E-mail: eszhanov230383@cloud.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4133-8815>

Даурен Бекежанов – PhD, ассоциированный профессор (доцент), заведующий кафедрой «Правовые дисциплины», Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Республика Казахстан

E-mail: bek_dauren@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9858-841X>

Авторлар туралы ақпарат:

Болат Айтимов – **негізгі автор**, PhD, қауымдастырылған профессор (доцент), «Құқықтық пәндер» кафедрасының профессоры, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдыкорған қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bola_30081978@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7928-8550>

Болат Сериев – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, «Құқықтық пәндер» кафедрасының профессоры, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: seriev_bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0161-7219>

Ерлан Есжанов – докторант, «Құқықтық пәндер» кафедрасы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: eszhanov230383@cloud.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4133-8815>

Даурен Бекежанов – PhD, қауымдастырылған профессор (доцент), «Құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bek_dauren@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9858-841X>